



நியூப்
புத்தகம்

«Мұрын жырау». – Ақтау: «Курсив» баспасы, 2024. – бет саны –188.

Жыраулық дәстүр – әдебиет, өнертану, тарих секілді көптеген ғылымдардың назарын ерекше аударатын тақырып. Ал әлем әдебиетіндегі Гомердің «Одиссея», «Иллиада», қырғыздың «Манас» секілді эпикалық шығармаларынан құндылығы да, құдіреті де кем түспейтін, көлемі жағынан «жапқан көрпедей» молырақ «Қырымның қырық батыры» атты эпостық қазына – бірнеше түркі халықтарының ортақ әдеби мұрасы десек әділетті. Көпшілік әдетте осынша асыл қазынаны ардақтай келе, оны жеткізушілердің еңбегін көрмей қалып жатады. «Қырымның қырық батыры» жырлар циклін біздің заманымызға шашау шығармай, біріздеп жеткізген – Мұрын жырау Сеңгірбекұлы. Ол – адамзатта сирек кездесетін ерекше талант иесі, аса жадкер, адами мүмкіндіктің қайталанбас құбылысы.

Жыраудың 165 жылдығына арналған мерейтой қарсаңында құрастырылып отырған бұл кітапқа Мұрын Сеңгірбекұлының өмірі, кәсібі мен шығармашылығы туралы естеліктер, мақалалар, ғылыми зерттеулер топталған. Жинақ филология, тарих, этнография, өнертану, педагогика саласындағы мамандарға, өлкетанушыларға, жалпы зиялы қауым өкілдеріне, ізденуші талапкерлерге арналады.

«ҚАРАДӨҢ БАТЫР» ЖЫРЫНЫҢ ТЕКСТОЛОГИЯСЫ

Рақышева Ж.С.

М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
Қолжазба бөлімінің аға ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының кандидаты

«Қырымның қырық батыры» жыры - бас қаһарманы қырық бір батыр болатын отыз бес жырдан құралған эпикалық жырлар топтамасы. Мұрын жырау туралы ғылыми ортаға Сәттіғұл ақын мәлімдеген соң жырды жазып алу мемлекеттік деңгейде ұйымдастырылды. 1941 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясы қазақ филиалының президенті Қ.И.Сәтбаевтың ұсынысымен Маңғыстауға барған А. Хангелдин Мұрын жыраудан үзінді күйінде жазып алды. 1942 жылы Тіл, әдебиет институтының директоры Н.Сауранбаев және негізінде «Бабалар сөзінің» 50 және 51-томын филология кандидаты С.Сәкенов дайындаған.

«Қарадөң батыр және оның ұрпақтары» циклі Қарадөң батырмен басталады. Циклдың тақырыбы басылымдарда түрліше аталған: 1964 жылғы басылымда «Қарадөң батырдың ұрпақтары», 1977 жылғы басылымда «Қарадөң батыр және ұрпақтары» түрінде берілсе, кейінгі басылымдарда түпнұсқаға сай жазылды.

Жырдың басы алдыңғы басылымдарда былай басталады: «Қарадөң бір жаста әкеден, екі жаста шешеден жетім қалады. Олон үшке келгенде қаңғырып жүріп ноғайлыға тап болады. Ноғайлының балалары оны сабап күн көрсетпейді. Соған шыдамай Қарадөң ен далаға қаңғырып кетеді. Бір жерге келіп отырып, қамығып жылап отырып айтқаны».

«Бабалар сөзі» сериясының 50-томында: «Қарадөң бір жаста әкеден, екі жаста шешеден жетім қалды. Бала

сөйтіп жүріп, жасы үшке жетті. Сонда Қарадөң ноғайға келді. Келіп еді, балалар оны сабап қуды. Бала соған шыдамай, қаңғырып кетті. Бір жерге келіп бала кідіріп отырып, қамығып жылап отырып айтқаны». Көріп отырғанымыздай ілкі басылымдарда фольклорлық мұраның ауызекі сөйлеу стиліне «түзету» жүргізілген, мәтінде жоқ сөз орамдары қосылған.

1964 жылғы басылымда: «Халық жауы Қараменді деген қалмаққа барайын, соны шауып алайын, - деді». Кеңестік кезеңде «халық жауы» деген сөз тіркесі кеңінен қолданысқа түскені мәлім, таптық көзқарастың фольклорлық мәтінге кірігіп кеткеніне нақты мысал бола алады. Қалған басылымдарда: «Қараменде деген қалмаққа барайын, соны шауып алайын, - деді».

2008 жылғы басылымда: «Сонда тұрып: «Мына қаңғырып жүрген балаға киім, тамақ беріңдер. Осы үйде тұрсын, кез-келгенін ішіп-жесін», - деді». Бұрынғы басылымдарда: курсивпен берілген сөздер стилдік өзгеріске түскен: *үй иесі, ішіп-жей берсін*. Алдыңғы басылымдарда курсивпен берілген сөздер қалып қойған: Хан бір күн батыр мен биін жинап алып, кеңес етеді.

Батырлық жырлардағы қаһарманның эпикалық дұшпанға жорыққа аттанар алдында қару-жарағымен, қанаттас серігі тұлпарымен, тіпті өзімен серттесетін дәстүрлі сөздер түйдек-түйдегімен қайталанып келіп отыратыны белгілі. Сондықтан қаруын, тұлпарын жаумен шешуші айқас алдында сөзбен қайрап

алып, өзінің де намысын жаниды. «Ала алмасаң жауыңды, Саған да, батыр, мін болды» деген өлең жолында көрсетілген сөздер «*атым, сын*» болып өзгеріске ұшыраған. 1964, 1977, 2008 жылғы басылымда: «Жан серігім - Қара атым, Қолымдағы болатым, *Үстіңдегі Қарадөң* Сендерге де сын болды». Ал 1989, 2005 жылғы басылымда: қайталанып келіп

отыратын клишенің курсивпен берілген сөз тіркесі берілмеген.«Қозы жауырын ку жебе

Суырып оны қолға алды.

Садағын керіп тағы алды».

Курсивпен берілген сөз бұрынғы басылымдарда «көріп» болып мағыналық өзгеріске түскен.

2008 жылғы басылымда:	1964 жылғы басылымда:	1977, 1989, 2005 жылғы басылымда:
Басындағы дулыға <i>Сонда кейін</i> қайқайды	Басындағы дулыға <i>Алшасынан</i> қайқайды	Басындағы дулыға <i>Алшысынан</i> қайқайды

Фонетикалық өзгерістер мен дыбыс алмасуларына мысал: «Сорлы пенде мен болдым» деген жолдағы 1964 жылғы басылымда «бенде» болып өзгеріске түскен, 1977, 1989, 2005 жылғы басылымда: «Ал-

сайшы, Алла, өзімді» болса, 1964, 2008 жылғы басылымда: «Алсайшы, Аллам, өзімді» болып әуелдіктің бірінші жақ тұлғасында қолданылған.

2008 жылғы басылым	1964, 1977, 1989, 2005 жылғы басылым
Ата, менде ақыл жоқ. Жалғыздық пен жалаңаштық, Дүниеде одан кәпір жоқ. Қара ат-тағы піл болды. Төрт аяғын тең басып, Ұшқан құспен теңесті. Шаршасын ба жануар, <i>Шапқан сайын бұл өсті.</i> Шаңға қарай ол жүрді. <i>Жақындағанда ол шаңы,</i> Топырлаған көп жан көрді.	Ата менен апа жоқ. Жалаңаштық, жалғыздық Дүниеде одан жаман жоқ. Қара аты желге тең еді. Төрт аяғын тең басып, Ұшқан құспен жарысты. Шаршасын ба жануар, Үдете түсті шабысты. Шаңға қарай жақындап, Топырлаған жан көрді.

Діни мағыналы сөздер, әсіресе әуелі Аллаға, сосын әулиелерге, ата-баба

аруағына сыйыну бұрынғы басылымдарда қалып қалған.

2008 жылғы басылым

Осы ма еді дүниеде
Екі көзбен көргенім?
Дін мұсылман елдерім,
Шағалалы айдын көлдерім,
Көңірсіген құба дөңдерім

Қырық шілтен, Қызыр мен
Бабам, жәрдем болғайсың
Баба түкті шашты Әзіз
Біздерді еске алғайсың.
Сөндіргей жаудың оттарын,
Күлін көкке ұшырып,
Дарытпаған оқтарын.

1964, 1977, 1989, 2005 жылғы басылым

Осы ма еді көргенім?
Шағалалы айдын көлдерім,
Шалғындықұба дөңдерімлып

Бабам, жәрдем болғайсың.
Біздерді еске алғайсың.
Сөндіргін жаудың оттарын
Күлін көкке ұшырып,
Дарытпағын оқтарын.

2008 жылғы басылымда Қарадөңнің батырлық тұлғасын қорқуды білмейтін қарт қоянға теңеуді лайық көрмеген, бұрынғы басылымдарда айбарлы аң – жолбарысқа теңелген: «Қарт қояндай

қасқарып, Тұрды қарап қақшиып» болса, бұрынғы басылымдарда «Жолбарыстай қасқарып, Тұрды қарсы қақшиып» түрінде қолданылған.

2008 жылғы басылым

Жүрекке найза енгенде,
Ауыздан қаны атылды..
Сонда басын алады,
Тездетіп ол жүгіріп,
Қара атқа барады.
Ханы оның өлген соң,

1964, 1977, 1989, 2005 жылғы басылым

Жүрекке найза енгенде,
Ауыздан қаны төгілді.
Қалмақтың басын Қарадөң
Қылышпен кесіп алады.
Хан өлгенін білген соң,

2008 жылғы басылым бойынша Қарадөң батыр қалмақ ханының қылышпен кескен басын алып атына мінсе, 1989 жылғы басылымда ханның кесілген басын екінші рет кескен болып шығады.

1989 жылғы басылымда баспадан кеткен қатеге байланысты 188-беттің басында келуі тиіс «Көрді алып талайды. Аты жүйрік би мен бек» деген екі жол 189-бетке ауысып басылған. Кейін баспа тарапынан жіберілген осы қателік 2005

жылғы басылымда өзгеріссіз келеді. 1964, 1977, 2008 жылғы басылымда «Қайда отырып, жүрейін» және «Жел болған күн панамыз» деген жолдардағы көрсетілген сөздер 1989, 2005 жылғы басылымда «тұрып», «анамыз» болып басылған. Бұдан 1989 жылғы басылымдағы мәтін еш өзгеріссіз 2005 жылы қайталанып басылғанын байқаймыз.

Мәтіндегі текстологиялық ауытқулардың табиғаты әр алуан, мағыналық өз-

геріске түскен өлең жолдары мен грамматикалық алмасуларға ұшыраған тұстары да кездеседі. Мысалы: *Жүзі қанға тоймайды. - Жайратпай еш қоймайды; Топтан шықты бір қара - Топтан шығып бір қара, Келе тұра қалады. - Қарсытұра қалады; Қарсы топқа ұрынып - Қарап топқа тұрасың; Өлімнен тіпті ойың жоқ. - Өлімнен қорқар түрің жоқ; Жасы кіші баладан, Жасымды мен ол бұлдап, Кезегімді аламын - Жасы кіші қарағым, Үлкендігім бар еді, Кезегімді аламын; Қолында бар ақ семсер - Қолындағы ақ семсер; Өзің де - жас баласың - Өзің жап-жас баласың; Бізіңменен тең бе едің? - Біз бенен сен тең бе едің?* болып жарияланған.

Жырдағы эпикалық дұшпан - қалмаққа батырдың аузынан айтылған қарғыс мәндегі сөздер өзгертіліп берілген: «*Атаңа нәлет қалмақтың - Қаптап*

келген қалмақтың» немесе қалып қойған: «*Атаңа нәлет, ит кәуір*». Жауды жеңгеннен кейінгі «Қаланың аузын қандатты, Шарбақтың ішін шаңдатты ...Қаланы алып болған соң, Мұсылман қылды діндерін» деген секілді формулалы суреттемелер бұрынғы басылымдарға енбеген.

Сонымен жыр мәтініндегі кейбір сөз орамдары, сөйлемдер өзгерген, ауызекі сөйлеу тілі ерекшеліктері сақталмай, әдеби нормамен алмастырылған тұстары бар. Салыстыру нәтижесінде кеңестік кезеңде фольклорлық мәтінді жариялаудағы орын алған өзгерістер, түпнұсқаны сақтамау себептері көрсетілді. Эдициялық текстология, яғни жыр басылымдарының текстологиясы тұрғысынан біршама өзгерістердің орын алғаны анықталды.

